

Ойыл

ОЙЫЛДА КӨНЕ ҚЫШ ӨНЕРІ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРДЫ

«ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫ КЕШЕ ТАРИХТЫҢ ТЫНЫСЫН СЕЗДІРГЕН ҮЛКЕН КӨРМЕНИҢ ОРДАСЫНА АЙНАЛДЫ. АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ МЕН Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ӨНЕР ЖӘНЕ ӨЛКЕ ТАРИХЫ МУЗЕЙІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҚЫШ-ҚҰМЫРА ЖАСАУ КӨСІБІ» АТТЫ ЖЫЛЖЫМАЛЫ КӨРМЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, ШЕБЕРЛІК САҒАТЫ ӨТКІЗІЛДІ.



Бұл күні мәдениет ошағының төріне жиналған жұртшылықты көне дәуірдің құнды жәдігерлері қарсы алды. Қола дәуірінен бастап орта ғасырға дейін қолдан жасалған қыш бұйымдар - ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігінен мол сыр шертетін тарихи мұра. Сөрелерде тұрған әрбір құмыра, әрбір ыдыс – тек тұрмыстық зат емес, сол дәуірдегі мәдениет пен өмір салтының айнасы. Ең алдымен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Болат Бақтыгереев мұндай шаралардың маңызы зор екенін айрықша атап өтіп, ұйымдастырушыларға алғысын жеткізді. Облыстық

тарихи-өлкетану музейі директорының орынбасары Мәдіт Құлмұханов өз сөзінде бұл көрменің бүгінгі ұрпаққа үлкен өнеге екенін атап өтіп, Алғыс хаты мен естелік сыйлығын табыс етті. Көрмеге келген ауыл тұрғындары жәдігерлерді ерекше қызығушылықпен тамашалады. Үлкендер өткен тарихқа құрметпен көз жүгіртсе, балалар қыштан жасалған ыдыстардың пішіні мен өрнегіне таңғалды. Жергілікті ұстаздар бұл шараның жас ұрпақ үшін үлкен сабақ екенін атап өтті. Көрменің ең қызықты бөлігі – қыш шебері, Қазақстан Республикасының Қолөнершілер одағының мүшесі

Орынбасар Төлегенов өткізген шеберлік сағаты болды. Шеберлік сағатында қышты илеп, қалыпқа келтірудің, өрнек түсірудің қыр-сырлары барынша қарапайым әрі түсінікті тілде көрсетілді. Балалар үшін шеберлік сағаты нағыз қызыққа айналды. Шебердің шақыруымен сахнаға шыққан оқушылар қышты қолмен ұстап, аз да болса өнерге қадам жасап көрді. Олардың жүзіндегі қуаныш пен таңданыс көпшіліктің көңілін көтерді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жылжымалы көрме тек Ойылда ғана емес, облыстың басқа аудандарында да

жалғасын табады. Бұл – жас ұрпақты тарихқа қызықтырудың, ұлттық өнерді көзбен көрсету арқылы насихаттаудың ең тиімді жолы. Көрме соңында ауыл тұрғындары ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, мұндай тағылымды шаралардың жиі өткізіліп тұруын тіледі. **Р.С. ҚЫШТАН ЖАСАЛҒАН ӘРБІР БҰЙЫМ – УАҚЫТТЫҢ ҮН-СІЗ КҮӨГЕРІ. БҮГІНГІ КӨРМЕ СОЛ ҮНДІ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫП, ТАРИХ ПЕН ДӘСТҮРДІҢ БОЛАШАҚҚА ЖЕТУІНЕ ДӨНЕКЕР БОЛДЫ.**

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫНЫҢ ОФЛАЙН КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

20 қыркүйекте елімізде ауыл шаруашылығы санағының екінші кезеңі басталды. Интервьюерлер барлық елді мекенде үй-үйді аралап, деректер жинайды. Жалпы саны шамамен 1,2 млн үй шаруашылығын қамту жоспарланған. Ауыл шаруашылығы санағы елімізде екінші рет өткізіліп отыр. Оның мақсаты – аграрлық саланың жағдайы туралы толық мәлімет алу, әсіресе ауылдар, кенттер мен ауылдық округтер деңгейінде. Сауалнама парағы 22 сұрақтан тұрады. Онда мал мен құстың болуы, жер ресурстарын пайдалану, бақша егу, тыңайтқыш қолдану және басқа да мәліметтер сұралады. «Біз санақтың онлайн кезеңін аяқтадық, ол кезде ауыл шаруашылығы құрылымдары мен үй шаруашылықтарының сауалнаманы sanaq.gov.kz сайтында толтыру мүмкіндігі болды. Ол кезеңге 600 мыңнан астам респондент



қатысты. Енді ауқымды кезең басталды: интервьюерлер үйлерді аралап, деректерді планшет арқылы жинайды. Баршаңызды шараға белсенді қатысуға және өзекті ақпарат беруге шақырамыз. Сұрақтар қарапайым әрі тек

ауыл шаруашылығы қызметіне қатысты болады. Барлық жауап статистикалық мақсатта пайдаланылады және үшінші тұлғаларға берілмейді», – деді Бюро басшысы Мақсат Тұрлыбаев. Үй-үйді аралау жұмысына

2,5 мыңнан астам интервьюер жұмылдырылады. Олар айрықша көк түсті формада – жилет пен бейсболкада болады, бейджде жеке басын растауға арналған QR-код орналасады. Егер үй иелері үйінде болмаса, интервьюер байланыс нөмірі көрсетілген хабарландыру қалдырады. Ұлттық статистика бюросы ақпараттың қауіпсіздігі мен құпия сақталуына кепілдік береді. Барлық жауап заңмен қорғалады, ал деректер тек жалпыланған түрде қолданылады. Сұрақтар туындаған жағдайда Бюроның байланыс орталығына 1446 нөмірі арқылы хабарласуға болады (жұмыс уақыты 9.00–21.00, қоңырау шалу – тегін). 1 тамызда басталған Ауыл шаруашылығы санағы, 20 қазанға дейін жалғасады. Жиналған деректер салаға қатысты мәліметтерді жаңартуға және ауыл шаруашылығын дамытуға арналған шешімдер қабылдауға негіз болады.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ - ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНДА



Еліміз бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауын түсіндіру және талқылау жұмыстары кеңінен жүргізілуде. Осы мақсатта Ойыл ауданындағы «AMANAT» партиясының «Қараой» бастауыш партия ұйымында дөңгелек үстел отырысы өтті. Жиынға жуырда «AMANAT» партиясы атынан сайланған Қараой ауылдық округінің әкімі Абзал Майқанов және бастауыш партия ұйымының мүшелері қатысты.

ЖОЛДАУДАҒЫ БАСЫМ БАҒЫТТАР

Басқосу барысында Абзал Майқанов Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған негізгі мәселелерге кеңінен тоқталды. Ол саяси реформалардың жалғасуы, әділетті әлеуметтік саясат, ауыл шаруашылығын дамыту, халық табысын арттыру мен жастарға жаңа мүмкіндіктер ашу секілді басым бағыттарды интерактивті құралдар арқылы түсіндіріп берді.

«Жолдау – алдағы жылдардағы даму бағытымызды айқындайтын стратегиялық құжат. Онда ауыл мен ауылдық аймақтың мәселелері де ерекше орын алған. Бұл біз үшін аса маңызды», – деді ол өз сөзінде.

ПАРТИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚОЛДАУЫ

Дөңгелек үстелде бастауыш партия ұйымының мүшелері Жолдауда көтерілген міндеттерді жан-жақты талқылады. Қатысушылардың пікірінше, Жолдаудағы бастамалар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін береді әрі ауылдық жерлерге нақты қолдау көрсетудің тетіктерін айқындайды.

«Біз, партия мүшелері, Мемлекет басшысының саясатын толық қолдаймыз. Әрқайсымыз Жолдаудағы тапсырмалардың орындалуына үлес қосуға дайынбыз. Бұл – біздің азаматтық әрі партиялық жауапкершілігіміз», – деген ой ортаға салынды.

ОРТАҚ МІНДЕТ

Жиын соңында бастауыш партия ұйымының мүшелері Президент Жолдауын іске асыру – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, партия қатарындағы әрбір азаматтың басты міндеті екенін атап өтті. Қорытындысында, «Қараой» бастауыш партия ұйымы мүшелері Мемлекет басшысының Жолдауын толық қолдап, оның орындалуына белсене атсалысуға дайын екендіктерін білдірді. Бұл – партия мүшелерінің ел болашағына деген жауапкершілігі мен берік ұстанымының айқын көрінісі.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ - ЕРТЕҢГІ ЖҰМЫСТЫҢ ЕНШІСІ

Еліміздің негізгі даму бағыттарын қамтыған Президент Жолдауындағы басым міндеттердің жеті бағытқа жіктелуі ұлттың жеті санын кие тұтатын ұғымымен үндеседі. Қазақстан үшін кезек күттірмейтін міндеттер ретінде таңдалған жеті бағыттың барлығы да – өте маңызды. Биылғы Жолдаудың басты жаңалығы – қос палаталы Парламенттік жүйеден бір палаталы Парламентке көшу реформасы туралы бастама. Кез-келген өзгеріс, келелі реформаны халықтың ой-талабы, ұсыныс-пікірінсіз қабылдауға болмайтынын жиі айтатын ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы бұл мәселені де халық талқысына қалдыруды ұйғарды. Яғни, бастама бір жыл егжей-тегжейлі талқыланып, 2027 жылы Жалпыхалықтық Референдумға шығарылады. Ел экономикасының инвестициялық ахуалын оңтайландыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту, көлік-логистика саласын өркендету, жер мен су ресурстарын тиімді пайдалану секілді өте өзекті мәселелер бойынша Үкімет пен жергілікті атқарушы билік органдарына нақты тапсырмалар жүктелді. Әсіресе, жер телімдерін мақсатты әрі тиімді пайдалану мәселесіне қатысты қарапайым халықтың асыл мұратымен астасқан

Президент *«Мен игерілмей бос жатқан және заңсыз алынған ауыл шаруашылығы жерлерін кері қайтарып, оны қайта бөлу туралы тапсырма бердім. Жер иесіз қалмауға тиіс, жерді тек қана оның қадірін білетін азаматтарға беру керек. 2022 жылдан бері жалпы аумағы 13,5 миллион гектардан астам жер қайтарылды. Бірақ әкімдер соның 6 миллион гектарын ғана жаңа жер игерушілерге бөліп берген. Иесін тапқан жер өндірістің ошағына, инвестиция көзіне, қайнаған еңбектің ортасына айналуы қажет. Бұл – анық нәрсе, – деген сөзінен Президенттің елге, жерге деген жанышарлығын, Қазақстан мемлекеті үшін басты құндылық саналатын жер мәселесіне асақан жауапкершілікпен қарайтындығын аңғаруға болады. Жалпы, ел Президентінің биылғы Жолдауы ертеңге деген халық сеніміне серпін беріп, мемлекет қауіпсіздігін нығайту, адам капиталын басты құндылық ретінде бағалай білетін Қазақстанның әлеуметтік бағдары, тың мүмкіндіктердің тыңғылықты бағдарламасы болғаны дәлелдеуді қажет етпейді.*

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
"Ойыл газеті" ЖШС-нің директоры, аудандық кәсіпкерлер кеңесінің төрағасы.

Елімізде 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні мереkesі. Бұл - ел бірлігі мен тіл байлығын дәріптейтін маңызды мерекелердің бірі. Бұл күн еліміздегі барлық этностардың тілдеріне құрмет көрсетіп, мемлекеттік тіл - «қазақ тілінің» рөлін күшейтуге бағытталған. Қазақстан - көпұлтты, көптілді мемлекет. Елдегі ұлттар мен ұлыстардың тату-тәтті өмір сүруі – бейбітшілік пен келісімнің айқын көрінісі. Осы ынтымақтың бір белгісі ретінде елімізде «Қазақстан халқы тілдері күні» жыл сайын кең көлемде аталып өтеді. Бұл мереке - тек қазақ халқының емес, елімізде өмір сүріп жатқан барлық этностардың тілі мен мәдениетіне көрсетілген құрмет.

Тіл – халықтың мәңгілік байлығы, рухани тірегі. Әр ұлт үшін ана тілі – оның жүрегі мен жаны, өткені мен болашағы. Ұрпаққа ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен байланысты 22 қыркүйекте атап өтілетін мереке, 2017 жылғы үкімет бас-

шысы Бақытжан Сағынтаев «Қазақстан Республикасында мереке күндер тізбесін бекіту туралы» қаулысымен 5 қыркүйекке ауыстырылған болатын. Қазақ халқының ұлы мұрасы – қазақ тілі де ғасырлар сынынан сүрінбей өтіп, бүгінгі күнге жеткен асыл қазына. Тіл арқылы ұлт тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, дүниетанымы ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Абайдың, Ахметтің, Мағжанның, Мұхтардың шығармалары арқылы қазақ тілі өзінің көркемдік биігін дәлелдеді. Бұл – тілдің ғана емес, ұлт руханиятының да биік тұғыры. Осы орайда тіл құндылығы туралы ой қозғау мақсатында кітапханада Ресей Федерациясы, Орынбор қаласындағы Халықаралық «Қазақ тілі қоғамының» өкілдігінің төрайымы, этнограф, республикалық «Тіл жанашыры» сыйлығының лауреаты Сәуле Дулати Совхозовқызымен «Тұғыры биік туған тіл» онлайн сұхбат ұйымдастырылды.

Егемендік алғаннан кейін қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды. Бұл – үлкен жеңіс, әрі зор жауапкершілік.

Себебі мемлекеттік тіл – елдің тәуелсіздігінің айқын белгісі. Мемлекеттік тілдің тұғырын биіктету – әрбір азаматтың парызы мен борышы. Сәуле Совхозқызы «Қазақ тілі» қоғамының қарқынды жұмыстары жөнінде, тілге деген қызығушылықтың қаншалықты деңгейде екенін баяндап берді.

«Бүгінде тіл мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, білім беру, басқа да салаларда қазақ тілінің аясын кеңейту мақсатында түрлі шаралар жүзеге асырылып жатыр. Дегенмен, тілдің шын мәнінде тұғырлы болуы – оны күнделікті өмірде қолдану арқылы жүзеге асады. Ол үшін әр қазақ баласы өз ана тіліне шын жүректен сүйіспеншілікпен қарап, оны еркін меңгеруі қажет. Сондай-ақ, отбасында күнделікті қолданыс жоймауы керек», - дейді Сәуле ханым. Президент жарлығымен Дәурен Абаев Қазақстанның Ресейдегі төтенше және өкілетті елшісі лауазымына тағайындалған болатын, бүгінгі күнде жыл сайын қандастардың басын

қосып ірі шаралар, дөңгелек үстелдер өткізіп, тілге өз жанашырлығын білдіретінін атап айтты. Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасымен тығыз байланыс жасап, тоқсан сайын онлайн, оффлайн түрде қазақ тілі курстарын жүргізіп отыр. Бірлескен жұмыстарды тұрақты жүргізіп отырады. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Ресейдегі өкілділігі Батыс Қазақстан облысымен бірге жыл сайын Халықаралық деңгейдегі «Алтын көпір» мәдени-ағарту фестивалін ұйымдастырып, оның аясында шеберлік сағаттар жүргізеді. Сонымен қатар Ресей аймағында «Қазақ тілі» қоғамы тіл мәртебесін асқақтату мақсатындағы ірі шараларды өткізіп отырады. Халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» – тіл жанашырларының басын біріктіруші ең үлкен алаң. 2023 жылғы 21 шілде күні «Қазақ тілі» қоғамының кезектен тыс VII Құрылтайы Астана қаласында өткен болатын. Құрылтай делегаттарының ашық дауыс беруімен «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің президенті болып Рау-

ан Кенжеханұлы сайланды. Қоғамның жаңа Жарғы жобасы мен құрылымы қаралып, жұмыс жоспарын құрып, әрдайым бірлесе жұмыс жасайтындарын сөзге тиек етті. Болжам мәліметтер бойынша қазіргі уақытта Ресей Федерациясында бір миллионнан астам этникалық қазақ тұрады. Біздің отандастарымыздың көпшілігі Ресей Федерациясының Қазақстанмен шекаралас 12 субъектілерінде жинақы тұрып жатыр. Бұл - Алтай өлкесі, Астархан, Орынбор, Самар, Қорған, Шелебі, Омбы, Сарытау, Волгоград, Новосібір және Түмен облыстары. Қазақтардың белгілі бір саны Мәскеуде, Санкт-Петербургта, Татарстанда, Қалмақияда, сондай-ақ Ресейдің басқа да облыстарында өмір сүруде. Ал, Орынбордағы қандастарымыз халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының ұйымдастыратын үйірмелер мен курстарға тұрақты түрде қатысып тұрады екен. «Қазақ тілі» қоғамы - қазақ тілін, қазақ мәдениетін, қазақ әдебиетін, Қазақстан тарихын оқып-үйренуге, әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын сақтап, оны одан

әрі дамытуға ықыласты қазақ және басқа ұлт өкілдерінің басын біріктіретін ерікті ұйым. Хәкім Абайдың 180 жылдық мерейтойында белсенділік танытып, халықаралық деңгейде «Дана Абай, дара Абай» әдеби челленджін ұйымдастырған. Бұл челленджге Ресейдің барлық аймағынан және Моңғол, Түрік, Кавказ және тағы басқа көптеген республика өкілдері қатысқан. Шаралар қазақ тілінің кең насихатталуына арналған. Жастардың тілге деген құрметі – болашақтың кепілі. Қазіргі заманда заманауи технологиялар, әлеуметтік желілер, медиа құралдары арқылы да қазақ тілін кеңінен насихаттауға болады. Қорыта айтқанда, Қазақстан халқы тілдері күні – әрбір азаматқа туған тіліне, мемлекеттік тілге, басқа ұлт өкілдерінің тіліне де құрметпен қарауды үйрететін, ел бірлігін бекемдейтін айтулы күн. Тіл – достықтың, бейбітшіліктің алтын көпірі.

Лаура ЕРІКҚЫЗЫ, Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкері, Ақтөбе қаласы.

ӨҢІРЛІК ДАМУ ЖӘНЕ КӨШІ-ҚОН: ХАЛЫҚ ҚАЛАҒА ҚОНЫС АУДАРУҒА НЕГЕ ҚҰМАР?



Қазақстанда ішкі көші-қон жүйесінің бақылаусыз дамуы ірі қалалардың инфрақұрылымына айтарлықтай салмақ түсіріп отыр. Бұл мәселе Мемлекет басшысының Жолдауында да көтеріліп, қала әкімдіктеріне миграциялық жүктемеге дайын болу міндеті жүктелген еді. Осы ретте Kazinform тілшісі ішкі миграцияның қала дамуына әсерін сарапшылар пікірі негізінде талдап көрді.

Бір жылдағы өсім – 20,6% Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, 2025 жылдың алғашқы жартысында ішкі көші-қон 2024 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 20,6 пайызға артқан. Өңіраралық көшу есебінен халық санының ең көп өсімі мына өңірлерде байқалды.

Мемлекет басшысы Астана қаласы мысалында көші-қон салдарының нақты ауқымын көрсетті. Соңғы үш жылда елорда тұрғындарының саны 250 мың адамға артқан. Оның ішінде тек өткен жылдың өзінде қалаға 100 мың адам көшіп келген.

Ресми есеп бойынша қала халқы 1,5 миллион адам болса, іс жүзінде инфрақұрылым күн сайын 1,9 миллион адамға қызмет көрсетеді. Президенттің айтуынша, бұл – қосымша 400 мың тұрғыны бар жаңа қала қосылғанмен бірдей жүктеме.

- Мектеп инфрақұрылымы

қазірдің өзінде шамадан тыс жұмыс істеп, шатқаяқтап тұр. Жыл сайын 15 мектепке дейін салу қажеттігі туындап жатыр. Емханалардың жүктемесі өте көп, онда орын тапшы. Соның салдарынан әкімдік қаланың қарқынды дамуына жағдай жасаудың орнына әлеуметтік шығындарға қыруар қаржы жұмсауға мәжбүр.

Оның қала бюджетіндегі үлесі қазірдің өзінде 60 пайызға жеткен. Бұл ахуалды түзеу үшін түбегейлі шаралар қабылдау қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сарапшылар не дейді? «Сандж» зерттеу орталығының директоры, әлеуметтанушы Жанар Жандосова Мемлекет басшысының көші-қон мәселесін дер кезінде көтергенін жеткізді.

– Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша, 2020 жылы АҚШ-та қалалану деңгейі – 82,5%, Германияда – 77,4%, Жапонияда – 91,7%, Ұлыбританияда – 83,7%, Францияда – 80,7%, Италияда 70,7% болды. Қытайдың өзі 60,3% деңгеймен Қазақстаннан сәл ғана алда тұр. Қазақстанда 2010-2020 жылдар аралығында қалалар үлесі 20 пайызға өсіп, урбанизация деңгейі 59 пайызды құрады. Ал 2021-2025 жылдар аралығында бұл көрсеткіш 63 пайызға жетіп отыр, – деді сарапшы.

Ж. Жандосованың айтуынша,

адамдар ірі мегаполистерге – Астана, Алматы, Шымкентке көшуге бейім. Себебі мұнда даму мүмкіндіктері, табыс пен жұмыс көбірек. Алайда бұл үрдіс өңірлердің дамуын баулауы мүмкін. Сондықтан өңірлерде жаңа жұмыс орындарын ашу стратегиялық міндетке айналып отыр.

– Бұған дейін оңтүстіктен солтүстікке көшіру бағытында «Еңбек» бағдарламасы жүзеге асты.

Бірақ тәжірибе көрсеткендей, солтүстік өңірлерде тұрақты және тартымды кәсіпорындардың болмауы – басты мәселе. Көшіп барған азаматтар 4-5 ай жұмыс істеп, аз жалақының салдарынан қайта кеткен жайттар кездескен, – деді әлеуметтанушы.

Ал «Urban Forum Kazakhstan» ҚҚ директоры Әділ Нұрмақов көші-қонның салдарынан ірі қалаларда инфрақұрылымның қысымға ұшырағанын, әсіресе көлік жүйесі мен тұрғын үй нарығында мәселе, ұшығып тұрғанын атап өтеді. Оның айтуынша, көші-қонды жетейтін емес, оған бейімделетін тәсіл қажет. Бұл ретте кеңестік кезеңдегі жоспарлау логикасынан арлып, интеграцияланған, кешенді урбанистикаға көшу керек. Мысалы, Берлинде шамамен 3,8 млн адам, ал Токио агломерациясында 37 млн жуық адам тұрады. Бірақ бұл қалалар тұрғын санының күрт өсуіне икемделіп, көлік, тұрғын үй және әлеуметтік инфрақұрылымды қатар дамытты.

Нұрмақовтың пайымынша, жаңа аудандарды тек тұрғын үймен толтырып қою - қателік. Онда бір уақытта мектеп, емхана, жұмыс орындары, демалыс аймақтары мен қолжетімді қоғамдық көлік мәселесі қатар шешілуі керек. Бұл – кейін емес, құрылыс кезеңінде қатар жүргізілуі тиіс процесс. Қалаларды ықшам, аралас функциялы, жаяу және велосипедпен қатынауға ыңғайлы ету – заманауи урбанистика талабы. Сонымен қатар жалдамалы тұрғын үй нарығын дамыту да қалаға көшіп келетін халық үшін маңызды шешімдердің бірі.

- Жолдауда айтылған жаңа әлеуметтік-экономикалық орталықтар құру бастамасы құптарлық. Бірақ бұл бастама



көрсеткіш үшін жасалатын жобаларға айналмауы тиіс. Сонда ғана олар ірі қалалармен бәсекелесе алатын тартымды ортаға айналады, – деді урбанист.

Көші-қонды басқарудың тағы бір жолы – аймақтық дамуды жеделдету. Саясаттанушы Әсем Қайдарова Түркістан облысын оң мысал ретінде келтіреді. Оның айтуынша, инфрақұрылым мен экономикаға бағытталған жүйелі саясаттың нәтижесінде аймақта миграциялық қысым азайған. Егер басқа өңірлерде де мәдениет, демалыс, тұрғын үй және жұмыс орындары бір мезетте шешілсе, халықтың ірі қалаларға ағылуы бәсеңдейді.

20 жылда 1400-ден астам

ауыл жабылды Парламент Мәжілісінің депутаты Ерболат Саурықов Жолдауда айтылған көші-қон мәселесін ел болашағы үшін маңызды бағыт деп санайды. Депутаттың пікірінше, урбанизация – заман талабы, алайда ауылдарды ұмытпау керек.

– Соңғы 20 жылда елімізде 1400-ден астам ауыл жабылды, тағы 500 ауыл «перспективалы емес» деп танылды. Бұл – қауіпті үрдіс. Әр ауыл – тарих пен мәдениеттің ізі. Ауылда жастарды ұстап қалу үшін бірінші кезекте қолжетімді тұрғын үй керек. Екіншіден, салықтық жеңілдіктер қарастырылып, ауылда арнайы экономикалық режим енгізілуі тиіс. Үшіншіден, «Дипломмен ауылға» бағдарла-

масын күшейту қажет, – деді депутат.

Жаңа әлеуметтік-экономикалық орталықтар құру бастамасын қолдаған Ерболат Саурықов бұл бағытта заңнамалық және қаржылық тетіктерді іске қосуды ұсынды.

– Ең алдымен, ұлттық деңгейде арнайы бағдарлама қабылдануы қажет. Ауылға келетін кәсіпкерлерге қаладағыдан артық жағдай жасалуы керек. Жол, су, электр, интернетсіз инфрақұрылым дамымайды, – деді ол.

Сарапшылардың айтуынша, урбанизация – табиғи және қалыптасу процесс. Дамыған елдерде қала тұрғындарының үлесі 75-85 пайызға дейін жетеді. Дегенмен, бұл - ауылдағы өмірден бас тарту емес. Егер мемлекет өңірлерді дамытса, көші-қон теңдей таралып, аймақтар арасындағы әлеуметтік-экономикалық айырмашылық азаяды.

Президент атап өткендей, қазір көші-қонды реттейтін орталық есеп жүйесі жоқ. Бұл еңбек нарығын жоспарлауда және басқаруда қиындық туғызып отыр. Сондықтан Үкімет алдында біртұтас цифрлық жүйе жасау, өңірлердің тартымдылығын арттыруға бағытталған кешенді міндет тұр.

Бақытжан СЕРІКҰЛЫ, kaz.inform.kz



А ГЕПАТИТИ АУРУЫНЫҢ ҚАЛАЙ АЛДЫН АЛАМЫЗ?

ВИРУСТЫ А ГЕПАТИТИ - БАУЫРДЫ ЗАҚЫМДАЙТЫН, ЖЕДЕЛ ЖӘНЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ БЕЛГІЛЕРМЕН СИПАТТАЛАТЫН ЖҰҚПАЛЫ АУРУ. А ГЕПАТИТИНІҢ ҚОЗДЫРҒЫШЫ - БАУЫР ЖАСУШАЛАРЫНДА КӨБЕЙЕТІН ВИРУС. НАУҚАСТАРДЫҢ 60% – ДАН АСТАМЫ 3-7 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАР.

А гепатиті қоздырғыш ішек инфекциясы тобына жататындықтан ластанған су мен азық түлік өнімдерді тұтыну, гигиенаны сақтамау арқылы жұғады.


А гепатиті вирусы сыртқы ортаға науқастардың, сондай-ақ инфекцияны тасымалдаушылардың немесе аурудың жойылған түрімен ауыратын науқастардың нәжісімен бөлінеді. Дені сау адамның асқазан-ішек жолына түскеннен кейін ол қан арқылы гепатциттерге еніп, оларды бұзады. Ауру күзде және қыста көбейеді, ал жаз айларында сирек кездеседі. Инфекциядан кейін өмір бойғы иммунитет қалыптасады. Вирустық А гепатиті кезең-кезеңімен жүреді. Инкубациялық кезең 2 аптадан бір айға дейін. А гепатитінің белгілері жоқ, бірақ қанда вирус бар және бауыр функциясының бұзылуы байқалады. Сарғаю алдындағы кезең 3-тен 8 күнге дейін созылады. Балалардағы А гепатитінің бел-

гілері айқын білінеді: қызба, интоксикация, қатты әлсіздік, жүрек айну, бауыр және бас ауруы, ұйқы мен нәжістің бұзылуы. Баланың мінезі құлқы өзгеріп, ашуланшақ бола бастайды. 1-2 күннен кейін температура төмендейді және науқастың жағдайы біршама жақсарады. Осы уақытта ересектерде бірдей белгілер байқалуы мүмкін, бірақ жеңілірек түрде өтеді. Сарғаю кезеңі 2 аптаға дейін созылады. Бұл жағдайда А гепатитінің белгілері әлсірейді, науқастардың көпшілігінің жағдай қалыпқа келе бастайды. Зәрдің қараюы және нәжістің түсінің өзгеруі, сарғаю білінеді. Бауыр ұлғаяды. Сарғаюдан кейінгі кезең ұзаққа созылады. Осы уақытта бауырдың біртіндеп қалпына келуі байқалады. Ауру жағдайы анықталған кезде барлық байланыстағы адамдар шұғыл тексеріледі және эпидемияны ерте анықтау үшін анализге қан алынады. Ауру ошағында

ағымдағы және қорытынды дезинфекция жүргізіледі. Су мен өнімдердің сапасы мұқият бақыланады. Науқаспен байланыста болған адамдарға иммуноглобулин түріндегі дайын антиденелер енгізіледі. Иммуноглобулин - бұл А гепатитіне қарсы вакцина емес, тек ағзаны вирустан қорғаудың шарасы. Ол ошақта ауру диагнозы қойылғаннан кейінгі алғашқы 7 күнде енгізіледі. Баланы вирустан сенімді қорғаудың жалғыз жолы - вакцинация. А гепатитіне қарсы вакцинация 2 рет бала бір жасында, содан кейін тағы 6-12 айдан кейін жасалады. Вакцинация алғандардың 95%-ы сенімді иммунитетпен қамтамасыз етіледі. Вакцинация - вирусты алдын-алудың ең тиімді әдісі. Вакцинацияның тиімділігі өте жоғары!

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

ӘДІЛ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН...



Ақтөбе облысында кәсіпкерлік субъектілерінің еркін және әділ жұмыс істеуі үшін нақты тетіктер жүзеге асырылып жатыр. Бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде атқарып отырған – өңірдің Бәсекелестікті қорғау және дамыту департаменті. Департамент қызметінің өзегі – шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, нарықтағы монополиялық артықшылықтарды болдырмау және бәсекеге қабілетті орта қалыптастыру. Бұл – экономиканың тұрақты дамуының маңызды шарттарының бірі. Мекеме қызметін екі бағытта жүргізеді. Біріншісі – бәсекелестікті қорғау, яғни, нарықтағы ірі ойыншылардың шектен тыс ықпалын бақылау. Екіншісі – бәсекелестікті дамыту, яғни, жаңа кәсіпорындардың еш кедергісіз жұмыс істеуіне жағдай жасау. Өткен жылы Департамент облыс аумағының түрлі тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жәй-күйіне 4 жоспарлы және 17 жоспардан тыс талдаулар жүргізіп, нарықтағы негізгі мәселелерді анықтады. Мұнай өнімдерін сақтау нарығында «Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы» АҚ негізгі қуат иесі ретінде анықталып, барлық нарық қатысушыларына әділ және тең қолжетімділік қамтамасыз ету міндеттелді. Бұл қадам нарықта бәсекелестіктің дамуына ықпал етіп, басқа қатысушылар үшін де тиімді

жағдай туғызуға бағытталған. Бұдан басқа, тауар нарықтарындағы кедергілерді анықтау және жою бойынша 20 отырыс өткізді. Нәтижесінде мемлекеттік органдарға бәсекелестікті дамыту бойынша нақты ұсынымдар жолданды. Сонымен қатар, мемлекеттік кәсіпорындардың қызмет түрлерін кеңейту де маңызды бағыттардың бірі болды. 111 мониторинг нәтижесінде, мемлекеттік кәсіпорындар мен заңды тұлғалардың монополияға қарсы органның келісін алмай, қызмет түрлерін жүзеге асыруына жол берілмеді. Бұл шаралар бәсекелестікті қорғауға және нарықта әділ бәсекелестік орнатуға бағытталды. Бәсекелестікті дамыту бағытында Департамент монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын беру туралы жергілікті атқару органдарының түскен 14 өтінішхаттарын қарап, нәтижесінде, ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын жеке нарықтың субъектілерінің болуына байланысты 13 өтінішхат бойынша жергілікті атқарушы органдарына келісім беруден бас тартылды. Департамент мемлекеттік органдардан мемлекеттік кәсіпо-

рындар мен мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды құру немесе олардың қызметін кеңейту туралы өтініштерді қарап, олардың нарықтағы бәсекелестікке қалай әсер ететінін бағалайды. Көп жағдайда, нарықта бәсекелестік жақсы дамығандықтан және көптеген жеке кәсіпкерлер бар болғандықтан, бұл өтініштерді қабылдамайды. Дегенмен, ерекше жағдайлар да болады. Мысалы, Ақтөбе қаласында 100% мемлекет қатысатын жаңа заңды тұлға құру туралы өтініш түсті. Оның мақсаты — алданған үлескерлердің мәселелерін шешу. Бұл заңды тұлға тұрғын үй құрылысындағы аяқталмаған нысандарды аяқтауды жоспарлады. Департамент осы жағдайды ескере отырып, тұрғын үй құрылысының мәселелі нысандарын 5 жыл ішінде аяқтауды қамтамасыз ету үшін бұл заңды тұлғаны құруға келісім берді. Осылайша, алдағы 5 жыл ішінде бұл ұйым өз міндетін орындап, үлескерлердің мәселелерін шешкеннен кейін таратылады. Бүгінгі күні Ақтөбе облысында экологиялық тазалықты қамтамасыз ету мақсатында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында бірнеше шара жүзеге асырылуда. Бұл бағдарлама елдегі санитариялық тазалықты жақсарту, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, аумақтарды абаттандыру және көгалдандыруды ұйымдастыруға бағытталған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орында аясында облыста бағдарламаны іске асыру үшін мемлекеттік мұнағалдық кәсіпорындардың қызмет түрлері кеңейтілуде. Департамент өз тарапынан бұл қызметтерді жүзеге асыратын кәсіпорындардың нарыққа кіруін жеңілдетіп, бәсекелестікті дамытуға ықпал етеді.

Д.ИЗБАСОВА,
Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің бәсекелестікті дамыту бөлімінің басшысы.

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ТУРАЛЫ

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметтер – қоғамның билікке деген сенімін айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауында мемлекеттік аппарат «азаматтарға қызмет көрсетуші» болуы тиіс екенін атап өткен еді. Осыған байланысты Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне (МҚΙΑ) цифрландыруды жеделдету, бюрократияны азайту және азаматқа бағдарланған жүйе қалыптастыру міндеті жүктелді. Заңнама бойынша әрбір азамат сапалы әрі уақытылы қызмет алуға, толық ақпаратқа және өз құқықтарының қорғалуына құқылы. Дегенмен, тәжірибеде мерзімдердің кешігуі немесе негізсіз бас тарту сияқты жағдайлар жиі кездеседі. Мұндайда азаматтар «Е-Отinish» жүмеси, 1414 бірыңғай байланыс орталығы және ХҚКО арқылы шағым түсіре алады. Шағым бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Бүгінде мемлекеттік органдар тек шағымға жауап беріп қана қоймай, алдын ала әрекет етуге көшті. Департаменттер процестерді өздері талдап, жоспардан тыс тексерулер жүргізеді және әлеуметтік желілердегі арыз-шағымдарға назар аударады. Бұл тәсіл

«тыңдаушы мемлекет» қағидатын нақты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар азаматтарға ыңғайлы болу үшін 2025 жылы тәулік бойы жұмыс істейтін Telegram-бот іске қосылды. Мысал ретінде Ақтөбе облысын алуға болады: 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында 6,2 млн-нан астам қызмет көрсетіліп, 2151 бұзушылық қашықтықтан бақылау арқылы анықталды. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 153 есе көп. Мұндай нәтиже жаңа мониторинг жүйелерінің тиімділігін дәлелдеді. Сол кезеңде 119 азаматтың құқығы қалпына келтірілді. Оның ішінде 88-і тексерулер кезінде, 15-і қашықтықтан бақылау арқылы, 7-і чат-бот арқылы шешілді. Жеке мысал: азамат Н.Д-ның жер қатынастарына байланысты өтінішіне екі рет негізсіз бас тартылды. Telegram-бот арқылы шағымданған соң Департамент заңсыз шешімді анықтап, оның құқығын сотқа бармай-ақ қорғады. Айта кету керек, құқық бұзушылықтарды болдырмау бағытында да нақты шаралар қабылданды. 2025 жылдың соңына дейін білім беру мен денсаулық сақтау саласында қызмет көрсететін мемлекеттік қызметшілердің кемінде 50%-ы Академия фи-

лиалы базасында арнайы семинарлардан өтеді. Бұл кәсіби мәдениетті арттырып қана қоймай, азаматтарға сапалы қызмет көрсетуге ықпал етеді. Сонымен бірге цифрлық мүмкіндіктерді барынша пайдалану үшін тек мемлекеттік аппараттың емес, азаматтардың да цифрлық сауаттылығы жоғары болуы маңызды. Өйткені қызметтердің басым бөлігі онлайн көрсетілуде. Бұл тұрғыда қоғамның белсенді кері байланысы – әлеуметтік желілердегі пікірлер мен онлайн-платформаларға жолданған өтініштер – жүйені жетілдірудің негізгі тетігіне айналып келеді. Қорытындылай келе, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру – формалды іс емес, нақты нәтиже беретін құралға айналды. Мемлекеттік органдар қателіктерін жедел түзетіп, азаматтарға құрметпен қарауды үйренуде. Бүгінгі мемлекеттік қызметші үшін басты міндет – заңды сақтау ғана емес, халықтың сенімін ақтап, олардың құқығын қорғау болып табылады.

Ердоулет АЙТМАҒАМБЕТ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша Департаментінің, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы.

ҚР ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ ҚР РЕЗИДЕНТТЕРІ ҮШІН БЖЗҚ-ДАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІНЕН ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫН ҰСТАУДЫ ЖОЯДЫ

1.Қазіргі уақытта Қазақстанда зейнетақының қай бөлігіне салық салынады, ал қайсына салық салынбайды? Қазақстанда мемлекеттік бюджеттен берілетін зейнетақы төлемдеріне салық салынбайды, ал Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (БЖЗҚ) төленетін төлемдерге салық салынады. Қолданыстағы Салық кодексіне сәйкес БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері төлем көзінен 10% мөлшерлемесі бойынша жеке табыс салығы (ЖТС) салынатын кіріске жатады. Яғни, зейнетақы жарналары жеке зейнетақы шоттарына салық салынғанға дейін аударылады. Ал ЖТС төлемдер жасалған кезде ұсталады. ЖТС міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерінің барлық түрлерінен жиынтық түрде ұсталады. Бұл ретте түзету және салық шегерімдерінің сомалары ескеріледі. Алайда, бұл норма тек 2025 жылдың соңына дейін күшінде болады. Естеріңізге сала кетейік, жаңа Салық кодексі 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді және оған сәйкес БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерінен ЖТС ұсталмайды.

2.ҚР жаңа Салық кодексіне зейнетақы төлемдеріне салынатын жеке табыс салығына (ЖТС) қатысты қандай өзгерістер енгізілді? ҚР жаңа Салық кодексіне

сәйкес, алушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын жағдайларды қоспағанда, 01.01.2026ж. бастап жеке табыс салығы (ЖТС) зейнетақы төлемдерінің барлық түрлерінен, сондай-ақ тұрғын үйге және/немесе емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерінен (БЗТ) ұсталмайды. Сонымен қатар 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрғын үйге/емделуге БЗТ алып, одан ЖТС төлеу міндеттемесін кесте бойынша зейнетақы төлемдерін алғанға дейін кейінге қалдырғандар, ол міндет-мемен босатылады.

3.2026 жылғы 1 қаңтарға дейін ұсталған ЖТС қайтарыла ма? Жаңа Салық кодексінің ережелерінде бұрын ұсталған ЖТС-ты қайтару көзделмеген. Қолданыстағы Салық кодексіне сәйкес тұрғын үйге/емделуге біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану кезінде ЖТС ұстау көзделген. Бұл ретте алушының таңдауына ЖТС ұстап қалудың екі жолы ұсынылады: БЗТ алған кезде бірден немесе зейнеткерлікке шыққанға дейін кейінге қалдыру. 01.01.2026 ж. бастап жаңа Салық кодексінің енгізілуіне байланысты салымшы ЖТС-ты бұған дейін төлеп қойған болса, ол қайтарылмайды. Ал кейінге қалдырылған ЖТС бойынша міндеттемелердің күші жойылады.

Айта кетейік, 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерінен және біржолғы зейнетақы төлемдерінен ЖТС есептеу, ұстап қалу және төлеу қолданыстағы режимде

жүзеге асырылатын болады.

4.Егер алушы зейнеткерлік жасқа жеткен және ЖТС төлеп отырған жағдайда, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап ЖТС ұстап қалу жалғастырыла ма? Жаңа Салық кодексінің ережелері 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне БЖЗҚ-дан жүзеге асырылатын зейнетақы төлемдерін қоспағанда, БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері, біржолғы зейнетақы төлемдері түріндегі кірістерді жеке табыс салығынан босатуды көздейді.

5.Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салық шегерімдері туралы норма қалай өзгереді? Өзгерістер 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап өз пайдасына жасалған ерікті зейнетақы жарналары бойынша салық шегерімдерін жоюды қамтиды.

Алайда, БЖЗҚ-дан берілетін төлемдердің басқа түрлері сияқты ЕЗЖ есебінен жасалатын төлемдер де ЖТС-тан босатылады.

Бұл ретте салық агентінің БЖЗҚ-ға қызметкердің пайдасына аударған ерікті зейнетақы жарналары жеке тұлғаның табысы болып саналмайтындықтан, оған ЖТС салынбайды, ал жұмыс беруші үшін мұндай шығыстар корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегерілуге жатады деген норма сақталады. Яғни, бұл жағдайда қызметкер де, жұмыс беруші де салық жеңілдіктерін алады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы



Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1332 дана. Тапсырыс 1080
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

“АҚБИДАЙ-2025” РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫНДА ОЙЫЛДЫҚТАРДЫҢ ОБЛЫСҚА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ



Ақтөбе облысының абыройын асқақтатқан жас балуан Бекзат Мұханбетов тағы да биік тұғырдан көрінді.

VIII республикалық «Ақбидай» ауыл спорты ойындарында қазақ күресінен 55 келі салмақ дәрежесінде бақ сынаған ол барлық қарсыласын айқын жеңіп, чемпион атанды.

Бұл жеңіс – Бекзаттың талмай төккен терінің, табандылығы мен қажырлы еңбегінің жемісі.

Ең бастысы, ол осы жетістігі арқылы көптен күткен арманын орындап, қазақ күресінен Қазақстан Республикасының спорт шебері атағын орындады. Айта кету керек, Бекзаттың есімі спорт сүйер қауымға бұрыннан таныс.

Республикалық және халықаралық түрлі жарыстарда жүлделі орын алып, ел намысын қорғап жүрген жерлесіміз

талай мәрте газет беттеріне шыққан болатын. Жас балуанның жеңісі Ақтөбе облысының спорт тарихына қосылған жарқын үлес болып қала бермек.

Алматы қаласында өткен дәстүрлі “Ақбидай–2025” республикалық ауыл спорт ойындары жоғары деңгейде ұйымдастырылып, еліміздің барлық өңірінен келген спортшылардың басын қосты. Ұлттық спорт түрлерін насихаттап, ауыл жастарының спортқа қызығушылығын арттыруды мақсат еткен бұл додада қазақ күресі, тоғызқұмалақ, асық ату, гир көтеру және үстел теннисі сынды жарыстар өтті. Гир тасын көтеру сайысында ойылдық Айтқали Балтабаев ерекше көзге түсіп, мықтылармен тартысты додада бақ сынап, жүлделі II орынға ие болды. Бұл

жетістік – жас спортшының қажырлы еңбегінің нәтижесі. Сондай-ақ үстел теннисінен Ақтөбе облысының құрама командасы чемпион атанды.

Бұл жеңіске біздің өңірдің түлектері – Әділет Бірімғалиев пен Әділбай Амангосов айрықша үлес қосты.

Шешуші кезеңдерде сенімді ойын көрсеткен жас спортшылардың табысы – ұстаздары мен жаттықтырушыларының еңбегінің жемісі. “Ақбидай” ойындары – ауыл спортының өркендеуіне серпін беріп, жас буынға шабыт сыйлайтын дәстүрлі жарыс. Ойылдық спортшылардың жеңістері – облыстың абыройын арттырып, ел спортына қосылған қомақты үлес болып отыр. Жерлестерімізді лайықты жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймыз!

ЖАСТАРДЫ МЕРЕЙІ ҚЫЗМЕТКЕ ҮНДЕГЕН САПАР

ӨТКЕН АПТАДА ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ, ӨДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ТӨРАҒАСЫ АЙБЕК ШІЛМАНОВ ОЙЫЛ АУДАНЫНА ІССАПАРМЕН КЕЛІП, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ.

Департамент басшысы Ойыл ауданына іссапар аясында алдымен Саралжын ауылдық округіндегі мемлекеттік қызметшілермен кездесіп, әкімдіктің қызметімен танысты.

Кездесу аясында мемлекеттік қызметке қабылдау, оны өткеру барысында туындайтын мәселелер, мемлекеттік қызметшілер мен қызмет алушылардың құқықтарын қорғау бағытында жүзеге асырылып жатқан шаралар туралы айты. Сонымен бірге, А.Шілманов сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және бюрократиядан арылтудың әдіс-тәсілдерін одан әрі жетілдіру мәселесі бойынша Агенттіктің жоспарымен бөлісті.

Іссапар барысында Департамент басшысы мемлекеттік қызмет және мемлекеттік қызметтер көрсету саласында туындаған сұрақтар бойынша азаматтарды қабылдады. Сондай-ақ, жұмыс сапарының шеңберінде А.Шілманов «Аза-



маттарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы филиалының жұмысымен танысып, қызмет алушылардың пікірлерін тыңдады.

Сондай-ақ, іссапар аясында Ойыл аграрлық колледжі студенттерімен кездесті.

Кездесу барысында мемлекеттік қызметтің ерекшеліктерін және оған кіру тәртібін, мемлекеттік грантпен жоғары оқу орындарын аяқтаған

үздік түлектерге (GPA 3.33 төмен емес) аудан және ауылдық округтердегі төменгі лауазымдарға тікелей тағайындаудың тетігі және “Жас мемлекеттік қызметшілер мектебіне” түсу жолдары туралы айтылды. Сонымен қатар, «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасының мемлекеттік қызметшілерге беретін мүмкіндіктері туралы ақпарат берілді.

СИЫРЫҢ САРЫП БОЛМАСЫН!

САРЫП АУРУЫ - АДАМДАР МЕН ЖАНУАРЛАРДЫҢ ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІ МЕН ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫН ЗАҚЫМДАЙТЫН, АДАМДАРДА ҰЗАҚҚА СОЗЫЛАТЫН ЖҰҚПАЛЫ АУРУ. АДАМДАРДА САРЫП АУРУЫ ИНКУБАЦИЯЛЫҚ КЕЗЕҢНЕН (ЖАСЫРЫН МЕРЗІМІ) 2-3 АПТАДАН КЕЙІН ЖАЛПЫ АУЫРСЫНУ, ДЕНЕ ҚЫЗУЫНЫҢ 39-40 ГРАДУСҚА КӨТЕРІЛУІНЕН БАСТАЛАДЫ.



Ары қарай бас ауруы, тершендік пен ұйқысыздыққа ұласады. Буындары, бұлшық еттері ауырсынады. Аурушаңдық 3 айға созылады, 1-2 жылға дейін де ұласуы мүмкін. Ауырған кезде уақытылы дәрігерге қаралмағанда, толық емін алмаған кезде ауру созылмалы түрге көшіп, мүгедектікке және бедеулікке дейін асқынып кетеді. Ауданда 2023 жылы сарып аурушаңдығының 4 жағдайы тіркелді.

Барлығының да жеке аулаларындағы малдарынан жұқтырылғаны анықталды.

ЖҰҒУ ЖОЛДАРЫ
Инфекция көзі - сарыппен

ауыратын ауылшаруашылық малдары. Адамға сарып ауруы ауру малдардан және олардың өнімдерінен жұғады. Тағам арқылы:
-Тамаққа шикі сүт және сүт өнімдерін, шала піскен ет және ет өнімдерін пайдаланғанда.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС:
-Ауру малды күтіп бағу кезінде және терінің сыдырылған жарақатына ауру малдың бөлінділері түскенде.

АЭРОГЕНДІ ЖОЛМЕН:
-Ауру малдың жүнін қырыққанда, мал тұратын қораны тазарту барысында тыныс алу арқылы немесе көздің шырышты қабатына түскенде.

-Негізгі сақтану және алдын-алу жолдары:

-Міндетті түрде малды жыл сайын сарып ауруына тексерту. Ауру анықталған кезде ауру малды дереу оқшаулап, тез арада жою, мал ұсталған жерге залалсыздандыру шараларын (дезинфекция) жүргізу.

-ішуге сүт, басқа сүт өнімдерін тек қайнатылған түрде пайдалану керек. Себебі ауру қоздырғышы (бруцелла) 100°C температурада қайнатылғанда 5 минут ішінде жойылады.

-сүт, ет, тағы да басқа сүт өнімдерін белгісіз адамдардан сатып алуға болмайды.

- Мал жайлауға арнайы киім кию, мал жайлау уақытында темекі шекпеу, мал жайлағаннан кейін қолды сабындап жуу қажет.

- Ауру малды күтіп баптауға 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді, жүкті және бала емізетін әйелдерді жібермеу керек!

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Өрттің басым бөлігі адами фактордан, яғни, тұрғындармен от жағу пешінің пайдалану ережелерінің бұзылуынан және от қолдану кезіндегі абайсыздықтан пайда болып отыр. Осыған байланысты, аудан тұрғындарын төменде келтірілген өрт қауіпсіздігі мен ережелерін қатаң сақтау қажет екендігін ескертеміз!

1. Электр қондырғыларының барлық ток жүргізу бөліктері, тарату құрылғылары, аппараттары мен өлшеуіш аспаптары, сондай-ақ бөлгіш түріндегі сақтандыру құрылғылары, ажыратқыштары және барлық өзге де іске қосатын аппараттары мен аспаптары тек жандық негізге (мрамор, текстолит, гетинакс) орнатылады.
2. Сымдар мен кәбілдердің талсымдарын жалғау, ұштау және тармақтау өртке қатысты қауіпті ауыспалы кедергілерді болдырмау үшін сығымдау, дөнекерлеу, балқытып біріктіру немесе арнайы қысқыштар көмегімен жүргізіледі.
3. Тұрғын үйлердің пәтерлері мен жатақханалардың тұрғын бөлмелерінде жарылыс, өрт қауіпті заттар мен материалдар қолданылатын және сақталатын әртүрлі шеберханалар мен қойма үй-жайла-



рын орнатуға жол берілмейді.

4. Пәтерлер мен тұрғын бөлмелерінде төсекте темекі шегуге және плитада дайындалып жатқан тамақты бақылаусыз қалдыруға жол берілмейді.

5. Қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына, электр жеткізу желілерінің астына және учаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошақтарын, шөмелерді, ірі жем-шөп маяларын, өзге де жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол берілмейді. Көшелерде, жолдарда, аулалық учаскелерден тыс шөп шошақтарын, шөмелерлерді, ірі жем-шөп маяла-

рын орналастыруға жол берілмейді.

6. От жағу, қалдықтар мен ыдыстарды өртеу ғимараттар мен құрылыстардан 50 м кем болатын арақашықтықта іске асыруға тыйым салынады.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!
Өрт кезінде салқынқандылық танытыңыз, өрт күзетін «101» немесе «112» телефоны бойынша шақыртып, өзіңіз бен жақындарыңызды құтқару үшін қажетті шараларды қолданыңыз, өрт сөндірушілермен кездесуді ұйымдастырып, жану ошағына тез жетер жолды көрсетіңіз.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

“ШАҢҒЫРАҚ ШАТТЫҒЫ ӨНЕРМЕН ӨРІЛГЕН”

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ОТБАСЫ КҮНІНЕ ОРАЙ АЙМАҚТЫҚ «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ-ҚОҒАМНЫҢ КЕЛБЕТІ» АТТЫ ОТБАСЫЛЫҚ АНСАМБЛЬДЕР ФЕСТИВАЛЬ-КОНЦЕРТІ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТТІ. БҰЛ МЕРЕКЕЛІК КЕШ АУДАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫНА ЕРЕКШЕ ҚҰАНЫШ СЫЛАП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУДІҢ АЙҚЫН КӨРІНІСІНЕ АЙНАЛДЫ.

Фестивальдің басты мақсаты - отбасы мүшелерінің арасындағы шығармашылық байланысты нығайтып, олардың өнерін көпшілікке паш ету, сондай-ақ ұрпақтар сабақтастығын дәріптеу болды. Сахна терінде тек өнер көрсетіліп қойған жоқ, ең алдымен, әулет пен дәстүрдің сабақтастығы, үлкенге құрмет пен кішіге ізеттілік үлгі болды. Бұл көшке бірқатар өңірлерден өнерлі отбасылар қатысты. Олардың қатарында



Ойыл ауданынан халықтық «Шапағат» Ешпановтар отбасы, Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданынан Байтеміровтер отбасы, Атырау облысы Қызылқоға ауданынан Тұрғалиевтер отбасы және Ақтөбе облысы Темір ауданынан халықтық «Гүлсана» Шылмұрзиндер отбасы бар. Әрбір ансамбль өз өнерлерін ортаға салып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Өн мен күйге толы әдемі

қойылымдар залда отырған жұртшылықты бір серпілтіп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Фестиваль барысында аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы құттықтау сөз сөйлеп, отбасы құндылықтарының қоғамдағы маңызын атап өтті. «Отбасы - адам өміріндегі ең басты мектеп. Онда сыйластық, сүйіспеншілік, бірлік пен татулық қалыптасады. Осындай өнерлі әулеттеріміз - бүкіл қоғамға үлгі», - деді аудан бас-

шысы.

Сондай-ақ өнегелі ғұмыр кешіп отырған ардақты отбасыларға құрмет көрсетілді. Жарты ғасырдан астам уақыт жұптары жазылмай тату-тәтті ғұмыр кешкен Ермағамбетовтар, Тұрғамбековтер, Байтабаевтар отбасылары «Алтын шаңырақ» иегері атанса, 25 жер отасқан Әділхановтар, Меруеновтер, Нұрбаевтар отбасылары «Күміс кереге» атағына ие болды.

Аймақтық фестивальге қатысқан барлық отбасылық ансамбльдер аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, 100 мың теңгелік сертификаттар мен арнайы сый-сияпаттарға ие болды. Бұл – өнерлі жанұяларға жасалған шынайы құрмет қана емес, кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық ізгі дәстүрдің жалғасы екені анық.

Бұл фестивальдің мәні тек өнер көрсетуде ғана емес, ең алдымен, қоғамдағы бірлік-

ті, сыйластықты және отбасы құндылықтарын дәріптеуде болды. Өнер арқылы тәрбие беру, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан дәстүрді жаңғырту – ел болашағы үшін аса маңызды. Ойыл сахнасында өткен мерекелік кеш көрермендерге ұмытылмас әсер

сыйлап, олардың жүрегінде ұзақ сақталары сөзсіз. Жиналған көпшілік өнерлі әулеттердің өнерін тамашалап қана қоймай, отбасының қоғамдағы орнын тағы бір мәрте сезініп, мерекелік кнңіл-күймен тара-сты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

